



(Соңы. Басы өткен сандарда).

Ұлы Абайдың өмірбаянын, ақындығын жазған да, Абай өлеңдерін жинақтап баспадан шығарттырған да, Абай өмірден өткенде «Семипалатинский

калыптасуының рухани негізін қалаған бұл басылым апта сайын 8000 данамен шығып, 5 жылға дейін жұмыс жасаған болатын.

Әлекеңнің Самара дәуіріндегі тарихқа тағылым боларлық бір кезеңі Семей губерниясынан Ресейдің мұсылман халықтарының бірінші съезіне өзінің өкілі етіп сайландығы еді. Санкт-Петербургтегі 1914 жылдың маусымында өткен мұсылман съезіне 10 халықтың өкілдерінен 35 депутат қатысқан болатын (С.Б.). Дүниені дүр сілкіндірген 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі басталған сәтте Самарадағы жер аудару мерзімі аяқталған Әлекең Омбыға баруға рұқсат берілмегендіктен, Орынборға келеді. Бірінші дүниежүзілік

өткізуді жақтаған. Сөйтіп, ұсынылған үш адамның ішінен өзі ең жоғарғы қолдауға ие болып, Үкімет төрағалығына сайланған.

Бір ғажабы, 15 адамнан тұратын Алашорда үкіметінің үш бірдей мүшесі (Ә.Бөкейхан-төраға, Ә.Ермеков-вице-министр, Ж.Ақбаев-бас прокуроры) осы біздің Ақтоғайдың төл перзенттерінен болуы Арқа елінің тектілігі мен топырағының қасиет тұнған киелілігінің айғағы шығар. 1917 жылдың ақпанынан кейінгі Қазан революциясы жаңадан құрылған автономиялық Алашорда үкіметіне кеңес өкіметін толық мойындауды ұсынды. Алайда, алаштықтар ұлттық демократиялық егемендік үшін күресе беру

қолға ала бастаған. Ол мектепте алғашқыда Орта Азия мемлекеттік университетінде оқитын студент Райымжан сабақ берген. Бұл мектеп кейіннен асты тақтайланған Қасымның үйіне көшіріліп, «Қасым мектебі» болып аталған. Смақан төре Тоқырауын жағасынан май зауытын ашқан, ал Базылхан Бегазы тауының етегінен (Монша деген жерде) утас (известь) өндіретін тас пеш салған (К.А.). Әлекеңнің көргендік болжамының арқасындағы нарықтық қатынастарға бейімделген шұғыл бетбұрыстар 1928 жылғы кеңестік тәркілеуге дейін жалғасты. Одан кейінгі аласапыран алмағайып заман Әлекеңнің бауырларын да қуғын-сүргінді зобаландарға

тағдырына балта шапты. Кішкентай Ақтоғайдан да 231 адам жазықсыз жазаланып, оның 36-сы атылды. Азалаы тактадағы қаралы тізімде Алаштың Әлиханы да тұр.

Ақтоғайлықтар Әлиханның ұлы рухын құрметтеп, 1992 жылы ғылыми-танымдық конференция өткізіп, құран оқытып, ас берді. 1998 жылы Үш Арысына ескерткіш орнатты. 2011 жылы Ақтоғай жеріндегі тарихи ескерткіштерді зерттеуге келген саясаттанушы ғалым Ерлан Каринге «Мүсінтастардың мекені болған өңірде Әлихан Бөкейхан туған, ата-бабаларының зираты бар көресіз бе?» дегенімізде: «Мен балбал тас

АЛАШТЫҢ ӘЛІХАН АЖАЛ

листок» газетінде қазанама жариялаған да алғашқы абайтанушы болған Әлекең еді.

Әлекеңнің өмірінде патшалық империяның отаршылдық саясатымен арпалысып жүріп, тарихи тұлға айналған кезінің бірі, 1906 жылдың көктемінде бірінші мемлекеттік Думаға депутат болған 8 қазақтың бірі ретінде Семейден сайлануы еді. (I Дума депутаттарын зерттеген академик Ө.Озғанбаев дерегін). Әкініштігі сол, I Дума небәрі 72 күн ғана жұмыс жасап, таратылды. Патшаның бұл әділетсіз шешіміне наразылық білдірген 182 депутат қатысқан оппозициялық жиын тарихта «Выборг үндеуі» деген атаумен қалған болатын (Р.К.). Сонда қабылданған манифестке қол қойғаны үшін және демократиялық идеялардың жетекшісіне айналып бара жатқандығына кедергі келтіру мақсатында Әлекең де жауапкершілікке тартылып, 3 айға Семей түрмесіне жабылды. Осылайша Әлекеңнің Омбыдағы өз халқының болашағы мен бостандығын жан аямай қорғау жолындағы қаһармандықпен өткізген 14 жылы Самараға сегіз жылға жер аударумен жалғасты. Бұл қазақ ұлтының кеменгер азаматын ұлы күрескерлік идеясынан алшақтатып, тізгіндеудің айла-шарғысы еді. Бұл қуғындау Әлекеңнің күш-қайратын ширатып, жаңа тынысын аша түсті. Әлекең кемел қуатты туған халқының намысы мен батырлығы, айбынды күрескерлігі берген үстіне бере түсті. Самарада Әлекең патша үкіметі сексенетін саяси тұлғаға айнала бастады. Ресейдің әйгілі қайраткерлерімен танысады. Сол жерде ол социал-демократиялық партиясының көсемі А.Ф.Керенскиймен үш рет кездеседі. Осы кезеңде олардың отбасында мұрагері дүниеге келді. 1910 жылы Өкітай есімді ұл туады (С.Б.).

Самарада жүргенде Әлекеңді Ресей империясының қазақ даласына қоныстандыру бағдарының тоқтаусыз жүргізіліп, ең құнарлы 40 миллион гектар жер телімдерінің келімсектерге берілгендігі ашыңдыра түседі. Өз көзқарасын айқындау мақсатында эсерлердің съезіне қатысып, «Қырғыздардың Ресейдегі жағдайы» деген тақырыпта баяндама жасайды (С.Б.). Әлихан Бөкейханның саяси күрес жолындағы бір биігі – 1913 жылдың ақпан айында Дала өлкесіндегі қазақ халқының тарихындағы жалпыұлттық басылым ретінде «Қазақ» газетінің шығарылуы еді (Р.К.). Қазақ халқының біртұтас ұлт болып

соғыстың зардабы үшін патшаның қазақтан қара жұмысқа адам алу туралы жарлығына қарсы наразылық күшейіп, ушығып тұрған алмағайып шақта, яғни 1916 жылғы 25 маусымдағы бұратана халықтардың 19 бен 43 жас аралығындағы ер азаматтарын тыл жұмыстарына алу туралы осы июнь жарлығы қазақ даласындағы жаппай толқуларды туғызғаны белгілі. Бұл стихиялық көтерілістің қазақ ұлтына қайғы-қасірет әкелетінін әріден ойлаған Әлекең көтеріліс ошақтары болған Торғай, Ақтөбе, Ырғыз өңірлеріне барып, ер-азаматтарды патша әскеріне қарсы тұруды доғарып, тылдағы жұмыстарға баруға үндейді. Өзі де солардың ортасында болады. Патшаның июнь жарлығы жоңғар шапқыншылығынан кейінгі қазақ халқының басына түскен ірі зобалаң болды (Р.К.). Алайда, бұл толқулар 1917 жылдың әлемдік тарихта азаттық таңы болып әйгіленген ақпан революциясының алдындағы ұлт-азаттық көтерілістері ошақтарының бірі болатын. Шындығында да, бұл наразылықтар патшаның тақтан құлауына да өзіндік ықпалын тигізді.

Патшаны тақтан құлатқан Ақпан революциясын Минскіде қызметте жүріп қарсы алған Әлекең өз халқының державалық қамаудан босағаны үшін де бұл төңкерісті құптаған. Іле-шала М.Дулатов, М.Шоқай үшеуі «Алаш ұлына» атты үндеу әзірлеп, оны «Қазақ» газетінде шұғыл түрде жариялап жібереді. Әлекеңнің жетекшілігімен 1917 жылдың шілдесінде Орынборда өткен I жалпы қазақ съезінде қазақ тарихындағы ең алғашқы демократиялық ұлттық бағытты ұстанған он түрлі бағдарламаларын ұсынған, елді тәуелсіздікке бағыттайтын, тек саяси күш арқылы ғана жеңіске жетуді мақсат тұтқан «Алаш» партиясы құрылып, оның төрағалығына бірауыздан Әлихан Бөкейхан сайланған.

«Алаш» партиясының көксеген басты мүддесі қалайда ұлттық қазақ мемлекетін қалыптастыру болатын. Сол үшін Әлекең 1917 жылдың қазан айында Алаштың астанасы болған Семейге келгенде, бүкіл жұртшылық «Елімізді ерлікке бастайтын еріміз келді» деп қуанышпен сүйіншілеп қарсы алған. 1917 жылдың 6-13 желтоқсанында Орынбор қаласында өткен II жалпы қазақ съезінде Алашорда ұлттық-территориялық автономиясы құрылды. Қазақтың ұлттық мемлекеттігінің шаңырағын қайта көтеріп, бүгінгі тәуелсіздіктің мызғымас негізін қалап кеткен тарихи тұлға Әлихан болатын (С.А.).

Ұлттық автономия үкіметінің төрағалығын сайлауды Әлекең балама кандидатуралар арқылы

жолын таңдайды (Р.К.). Бұл азаттық күресі 1920 жылдың 5 наурызында Сталиннің өлген, Әлиханның туған күнінде Кирревкомның қаулысымен Алашорданың біржолата таратылуымен тынды. 1918 жылдың 27 қыркүйегінде Әлекеңнің анасы Бегім ханым (1937 жылғы Әлекең атылған 27 қыркүйегімен сәйкес) қайтыс болды. Әлекең анасын жерлеуге қатыса алмады.

1917-1920 жылдары Әлекең Семейде болғанда Тоқырауын болысының тумалары Бажай мен Рамазандар Әлекеңнің серігі әм атқосшысы болған. 1921 жылы Әлекеңнің жары Елена Семейде қаза болғаннан кейін, Әлекең туған жері Желтауға келіп, 1922 жылдың күзіне дейін ауылында ел ортасында болған (Смақан төренің дәптерінен). Әлекеңді Семейден қос ат жеккен күйемелі арбамен Жақыпов Бажай алып келгенде, Жіңішке өзенінің жағасындағы қоғалға шымықай ақ киіз жабылған жеті киіз үй тігіліпті. Ортадағы алты қанат ақ үй Әлекеңнің жан-жақтан сәлемдесуге келген ел ағаларын, ру ақсақалдарын қабылдайтын төрелік орны болған. «Қасиетті ағаның ауылда болған шақтары Қоянды жәрмеңкесіндегідей базарға ұласушы еді» деп жазған Қасенхан ақсақал. Қазақтың қанатты сөздеріндегі «Төре тұрған бесікке, төре де басын иеді» дегендей, Әлекең кездесулерден қолы босаған уақыттарында ауыл балаларын күрестіріп, асық атқызып, тіпті қаланың городки деген ойындарын үйретеді екен. Жекежал қыстағының Желтауға жалғасқан аңғарындағы мұз жарғыш алып кемеңнің тұмсығына ұқсаған күз-жақпар қарастың төбесіне шығып, кең жазиралы алқапқа, алыстан мұнартақан Ақсораң мен Бегазыға көз салып, терең ойға шомып, жалғыз отыратын сәттері көп болған. 1922 жылдың күзінде (қазан айы болуы керек) Қарқаралы уезінің НКВД бастығы Бекбасов Тәкіш жанындағы үш милициясымен Желтауға келіп, Әлекеңге өкіметтің шақырып жатқанын хабарлаған (Қ.А.). Жағдайдың күрделенгендігін әріден сезген Әлекең елдің игі жақсыларын, ауыл ақсақалдарын және өз туғандарын жинаптырып, төніп келе жатқан қауіп-қатерден аумалы-төкпелі кезеңдерден қорғанып, сақтанудың амалдарын айтып, болашақта не істеу керектігін дүйім жұрттың назарына салады. Әлекеңнің ақалы-кеңестерін бірден қабыл алған бауырлары Тоқырауын өзенінің бойына егін егіп, өзен арнасына су диірмен орнатуды, Жекежалдағы Әзіханның 2 бөлмелі үйінен мектеп ашуды, тіпті Қарқаралыдан тауар әкеліп, сауда-саттықпен, ұсталық қол өнерімен және кәсіпкерлікпен шұғылдандуды

ұшыратқан.

1922 жылы Әлекең Қарқаралыдан күшпен Мәскеуге алдырылғаннан кейін Сталиннің қабылдауында болған. Сталин Әлекеңге коммуналдық пәтерден 2 бөлмелі үй бергізіп, «Сізге қоятын бір ғана талабым бар. Еліңізге қайтып оралмаңыз және қырға шықпаңыз» (С.Б.). Себебі, кеңес басшысы қазақ даласындағы Әлекеңнің ықпалы мен беделінен көшбастаушылық көсемдігінен, әлемдік деңгейдегі табанды көзқарасынан, данышпан білімділігінен қаймыққан. Алаштың идеясы түптің түбінде Кеңестер Одағын шайқалтып, қазақтарды тәуелсіз елдікке апаратындығынан үркіп қорыққан. Бұл әрекетімен Сталин Әлиханды өзінің ең қуатты қарсыласы ретінде мойындап, қорғанысқа көшкен. Осылайша Мәскеу Алаш арысы Әлиханның жер аударылған тұйық мекеніне айналды.

1926 жылы Руденко басқарған экспедиция құрамына қабылданған Әлекең Кіші жүзге барғанда жаужүрек, жауынгер адай елі «ханымыз келді» деп ақ киіз төсеп, үй тігіп, қарсы алған. Ұлтшылдық рухын тудырды деген бұл оқиға Сталинге дейін жетіп, соңы 1927 жылдан бастап Әлекеңнің бақылауда, үй қамақта ұсталуына соқтырған. Алайда, Әлекең осы кезеңде Петербург университетінің профессоры болып, сонда лекция оқып жүріп, болашақ ғұлама ғалым Әлкей Марғұланды өз тағылымына алған. Әлкейдің 1947 жылдары Желтаумен жапсарлас Бегазыны зерттеуіне Әлиханның да бағыт-бағдары болған. Өйткені, Арқадағы қола дәуір қорымы сол кезде Әлиханға өте таныс болған. Өкініштігі сол, оны дәлелдейтіндей Ә.Марғұлан 1986 жылы Әлихан ақталғанға жетпей, өмірден өтіп кетті. Әлихан 1928 жылдары Алматыдағы ҚазМУ-де, ал Әлімхан ҚазП-де сабақ берген (Р.К.). 1929 жылы Әлекең өзінің келесі тұтқындалуын осы Алматыда күтіп алған. Әлекеңге сол жолы «Орынборда контрреволюциялық ұйым құрды, қазақ даласында қарулы көтеріліс даярлауға қатысты» деген айып тағып, 58 статьямен айыптаған. Алайда, ұлт зиялыларының наразылығына байланысты түрмеден босатқан (Р.К.). 30-шы жылдардың басында небір жантүршігерлік жазықсыз құрбандықтарды көрген Әлекең 1933 жылы өзінің күйеу баласы, қазақ ұлтының ірі тұлғасы Смағұл Садуақасовты өз қолымен бақилыққа шығарып салды. Сталиннің өкімімен 1935 жылы құрылған жазалаушы «үштік» соттың қарауынсыз-ақ өз үкімдерін шығарып, оны сол күні-ақ орындатып, 25 мыңнан астам адамның

іздеп жүріп Әлекеңнің туған жеріне соқпаймын, арнайы келемін»-деп, түйіп тастаған еді.

Шындығында, екі айдан кейін арнап келіп, Талдыбейітке барып, құран оқытты, туған қыстауын көрді де, қыркүйек айында Астанада Әлекеңнің туғанына 140 жыл толу құрметіне арнап «Алаш мұраты және Тәуелсіз Қазақстан» деген тақырыпта халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны өткіздіртіп, рухына арнап ас беріп, құран бағыштапты. Шетелдік ғалымдар қатысқан сол бір ресми шараға Шабанбай би ауылдық аймағының әкімі Самат Әділбаев, аудандық газет редакторы Қазбек Ештанай және мен арнайы шақырылып, қатысып туған жерінің алғысын жеткізген едік.

Әлекеңнің Тоқырауын топырағында туып, әлемдік тұлғаға айналғандығын серіктестері Алаш қайраткерлерінің және шетелдік, республикалық ғалымдардың берген бағаларынан танып білуге болады. Ахмет Байтұрсынов: «Әлихан көсемдердің көсемі» десе, Әлімхан Ермеков «Әлихан терең дария-мұхит, білімді ғалым болатын. Шетелдердің тоғыз тілінде еркін сөйлеп жаза білетін, біздің ақыл-ойымыз, Тоқырауын өзеніндегі еді. Әлекең Балқаш көліндей дария еді ғой», десе, Сәкен Сейфуллин «Семейде Әлекеңді ел құлайдан сұрап алған жалғыздай құттықтады» десе, Жапонияның Хоккайдо университетінің ғалымы Уяма Томохико «Әлиханның көзқарасында прогрессивтік және суропашылдық идеясымен қатар, қазақ дәстүрін және қазақтың сақтап қалу идеясы болған» дейді. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романында Әлекеңді «Әлімхан төре ел қамын жеген Едіге» деп көрсеткен. Ресейдің социал-демократиялық қозғалысында «Әлихан қазақ халқы бір ғасырға алдыға сүйреген адам» деп баға берген. Тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелдиев «Әлихан Бөкейхан Махатма Гандимен теңесетін тұлға» десе, Сұлтанхан Аққұлұлы «Әлихан қазақтың тұңғыш гуманист либерал-демократы» деп бағалайды.

Иә, біздің Ақтоғай осындай әлемдік бағаның иесіне айналған, дүние жүзін тәуелсіздік үшін күресудің саяси жолдарын мойындатқан ғасыр қазағының туған жері, атамекені.

Тұңғышбай Мұқан, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының аудандық бөлімшесінің төрағасы.